

21 наурыз
сенбі,
2026 жыл
№32 (19602)



www.7-su.kz
Jetisy2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

• ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ •

НАУРЫЗ ӘР ШАҢЫРАҚҚА МОЛШЫЛЫҚ ПЕН БАҚЫТ ӘКЕЛСІН!

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтауы

*Құрметті жетісулықтар!
Әз-Наурыз мерекесіне орай шынайы құттық-
тауымды қабыл алыңыздар!*

*Күн мен түн теңеліп, күллі тіршілік қайта
түлейтін көктемнің осы бір шуақты шағында
жыл басы – Ұлыстың Ұлы күнін халқымыз үлкен
қуанышпен қарсы алуда.*

*Бұл мейрамды онкүндік ретінде кеңінен атап
өту бүгінде игі дәстүрге айналды. Наурызнаманың
әр күні жаңа дәуірге сай цифрландырумен ұшта-
стырылып, халқымыздың салт-дәстүрін наи етуге,
ұлттық құндылықтарын дәріптеуге, сол арқылы
қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайтуға үлкен
ықпал етуде.*

*Ерекше атап өтерлігі, биылғы Наурыз Прези-
дентіміздің бастамасымен қолға алынған жаңа
Ата Заң бойынша өткен референдуммен тұспа-
тұс келіп, 15 наурыз еліміздің Конституция күні
болып белгіленді. Бұл табиғатпен қатар біздің қо-
ғамның да рухани жаңғырғанын, сана сергектігін,
жаңа серпіліс пен игі бастамаларға бет бұрғанын
айғақтайды.*

*Әрқашан еліміз өсіп-өркендеп, ынтымағы жа-
расқан Жетісу жұртшылығының еңбегі жемісті,
берекесі мығым бола берсін! Наурыз әр шаңырақ-
қа шаттық пен қуаныш, молшылық пен бақыт
әкелсін.*

Ұлыс оң болсын, ардақты қауым!



Коллажды жасаған Санат БЕКТҮРҒАН

КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ

Шаттықтың мәні – шаңырақ

*Сен – қазақсың! Қазақ деген ел бөлек,
Қазақ салған соқпақ бөлек, жол бөлек.*

Киіз үйі жер сияқты жұп-жұмыр,

Шаңырағы күн сияқты дөңгелек, – деп

жырлаған Күләш Ахметованың өлеңіне

*тебіренбеген жүрек кемде-кем шығар?!
Сол тебіреністі сезінгіңіз, түйсінгіңіз келсе*

*Талдықорғанның орталық алаңына барса-
ңыз бұрын-соңды көрмеген тамашаға тап*

*боласыз. Қытымыр қыста құрылатын жа-
сыл желекті шыршаның орнынан еңселі,*

қазақтың қастерлі киіз үйін көресіз. Көріп

қана қоймайсыз-ау, ет жүрегіңіз елжіреп,

азат күнге тәу етесіз.

Медет ЖҰМАБАЙ



Уа, қасиетті қара шаңырақ, сенің төбе-
не бұлт үйірілмеуін, шайқалып, шатынап,
шағылып қалмауыңды әуелде бабалар
Жаратқаннан сұрап, арман етпеді ме?!
Сол арман бүгін орындалып, бағзыда-
ғылардың балалары өзінді бақанмен тө-
бесіне көтеріп, енді бейқам той-тойлап,
беймаза тіршілікте байыздап өмір сүріп
жүргеніне сен куәсің. Бұл әдемі отау бү-
тін бір ұлттың жаратылысын айшықтап
тұрғаны ақиқат. Саған қарап қазақтың
қарапайымдылығын, кендігін, дарханды-
ғын, пейілдің ақтығын көреміз. Саянда
талай ұрпақ дүниеге келіп, талай тағдыр

тоғысып, талай арман қанат қаққанын да
білеміз. Ал бүгін Жетісудың төрінде қайта
тігілуің – өткен мен бүгіннің алтын көпірі
іспетті әсерге бөлеуде.

Қара жердің үстінде есті ұрпақ жүрген-
де қасиетті шаңырақ ешқашан ескірмей-
сің, жай ғана көрме болып та қалмайсың.
Саған қарау – ұлттың өз-өзіне қайта үні-
луі, тамырын ұмытпаған халықтың рухани
жаңғыруы.

Қаланың қақ ортасында менмұндалап
тұрған сұлбаң аталардың үнсіз аманатын-
дай, болашаққа бағытталған үндеуіндей
естіледі. Маңыңа жиналған жұрттың

жүзінен бір жылылық, бір сағыныш байқала-
ды. Олар да өткеннің лебін сезінгісі келеді.
Тарихтың тамыры, тағдырдың таңбасы, тір-
шіліктің тынысы екенінді осы күнгі ұрпақ
білсе ғой, шіркін!..

Көшпелі өркениеттің шоқтығы биік жетіс-
тігі болып мәңгі сақталарына дау жоқ. Уақыт
сынынан өткен, ұлттың болмысын сақтап
қалған асыл мұра екеніңе де көңіл кәміл
иланған. Саған ой жүгіртсек терең тарихқа,
тұтас мәдениетке, бүтін бір әлемге енгендей
күйге түсеміз. Қазақтың жүрегі соққан, рухы
тіршілік еткен қасиетті мұра – сені төре оз-
дырып, қастер тұтқан жандардан айналдық!

БҮГІНГІ САНДА:

*Зер қадірін
білген ЗЕРГЕР*



3

*ҚАЗАҚТЫҒЫНДЫ
ҰМЫТПА*



4

*«А ГАСЫННЫҢ
Баласы»*



5



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ҮШ МЫҢ ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Талдықорғанда Наурызнама онкүндігі аясында Жаңару күніне орай игі экологиялық шара өтті. Оған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ, ардагерлер мен өңір жастары қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Шауақты мереке Еркін ауылдық округі маңындағы бұлақ көзін ашу рәсімінен басталды. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев бастаған меймандар қыс бойы бетін шөп-шалаң жапқан бұлақтың көзін ашып, ізгі тілектерін айтып, бір-бір кеседен мөлдір су ішті. Жиналған қауымға Бикен Римова атындағы академиялық драма театрының әртісі Сағындық Жұмаділ Наурыз батасын берді.

Осыдан кейін аймақ басшысы орталық саябақта студенттер, волонтерлер, жастар ұйымдарының

өкілдерімен жүздесіп, олардың қоғам өміріне белсене қатысуының маңызды екенін жеткізді.

— Жаңа Конституция қабылданған кезде Президентіміз мемлекеттің болашақ иесі әрі тірегі, елдің ертеңі жастар екенін атап айтты. Сондықтан Қазақстанымыз бақуатты өсіп-өркендеу үшін сіздер жақсы білім алып, жасанды интеллект пен жаңа, озық технологияларды еркін меңгерулеріңіз керек. Сіздердің болашақтарыңыз өз қолдарыңызда, — деді Бейбіт Исабаев.

Мұнан соң жиналған көпшілік саябақта 100 түп қылқан жапырақты ағаш көшеттерін отырғызды. Дана

халқымыз: «Бір тал кессең, он тал ек», «Ағашты жердің ырысы мол» деп текке айтпаға керек. Жер тоны жібіп, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу — сауапты іс. Айналаны жасыл желекке орап, жолдың бойына отырғызылған ағаштар әсем бейнесімен көз тартарлық.

Игі шараға қатысқандар Жаңару күні мен экологиялық акцияның пайдасын айтып, пікірлерін білдірді.

— Талдықорғандағы «Авиценна» колледжінің студентімін. Өзім Шымкент қаласынанмын. Жалпы Жетісудың табиғатына қатты қызығатынымын, осы өңірге оқуға түскенімге қуандым. Қазір мейіргер мамандығына оқып жатырмын. Бүгін тобымызбен ағаш егуге келдік. Бұдан басқа да санитарлық тазалық

Қарыз тарайтын, қауымымыз азайып кетпесін

Сатарбек АДИНОВ
Қырғыз Республикасы:

— Табиғат-Ана қайта жаңғырып, түлейтін, татулықты ту еткен, кешірім мен мейірімнің, ізгілік пен ынтымақтың мерекесін қырғыз жұртшылығы да думандатып өткізеді. Әр жылдан жақсылық пен жаңалық күтетін халқымыз «Нооруз» мерекесін ерекше қарсы алуға тырысады.

Біз де ұлық мереке дайындық, думанды той күн бұрын басталады. Ең кереметі дәл мереке күні дүниеге келген балаларға көбіне Ноорузбек немесе Ноорузбай есімі беріледі. Наурыз мейрамы алдындағы түні келер жылы жауын-шашын мол болып, жақсы өнім алу үшін түрлі ыдысқа бұлақ суы, сүт, дән құйылады. Сондай-ақ мереке күні үйді ретке келтіріп, қарыз таратады. Бұл — мейірімділік мейрамы болғандықтан ренжіткен адамдарыңнан кешірім сұрайсың. Осы күні ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

Ежелден Қырғызстанда наурыздың 20-нан 21-не қараған түні өнген бидайдан (арпа, тары) «сүмөлек» деп аталатын мерекелік дастарқанның негізгі тағамы дайындалады. Оған ұн, өсімдік майы, хош иіс үшін кептірілген жемістер қосылады. «Сүмөлек» тағамы дәрумендерге бай. Азайын-туыс, дос-жаран, көршілердің жақындығын, сыйластығын арттыру мақсатында тамақты дайындауға бірнеше отбасы жыылады. Тағам дайындалып жатқанда, аулада түні бойы халық әндері, аңыз-әңгімелер, ізгі тілектер де айтылып, би биленеді.

Қырғызстандағы Ноорузды тойлау ат ойындары, садақ ату, сондай-ақ, кок-бору мен эр эниш бойынша командалық жарыстарсыз елестету мүмкін емес. Халық сенімі бойынша, Наурыз мейрамы келгенде, адамдардың ауру-сырқаты мен сәтсіздіктің бәрі алыстап кетеді. Әр отбасында үстелге «Дистракон» — әр түрлі ыдыстар салынған ақ үстел қойылады.

Жер бетінде жақсылық қонатын, Самарқанның көк тасы ершіпін, татулықты ту еткен мерекеде бір туған қазақ бауырларыма бақ-береке, ынтымақ тілеймін. Екі елдің достығы мәңгілік болсын!

шараларына қатысып жүрмін. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін әркім өзінен бастауы керек. Біз, жастар, өзімізден кейінгі өсіп келе жатқан балаларға бұл тұрғыда үлгі боламыз деп ойлаймын, — деді 1-курс студенті Шыңғысхан Сейсембай.

Жаңару күнінде облыс бойынша жалпы саны 3 мыңға жуық ағаш егілді. Сондай-ақ, осы күні өңір оқушылары облыс мектептерінің ауласына көшет отырғызуға қатысты.

ЖОБА

Жетісу облысында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1) тармағы 4-6) тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 87 «Мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20396 болып тіркелген) сәйкес Жетісу облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жетісу облысында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. ТОЙЛЫБАЕВА

Қосымша

Жетісу облысында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі

№/п/н	Қалалар және елді мекендердің санаты	Жалға алу ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге аялық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)	Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кенестер, кнезі объектілер	Моңументтік өнер құрылыстары	
1.	Тарих және мәдениет ескерткіштері түрлері	Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері	0,8	0,6	1,0
2.	облыстық маңызы бар қалалар*	0,6	0,4	0,8	
3.	аудандық маңызы бар қалалар*	0,4	0,4	0,6	
4.	кенттер* ауыл*	0,2	0,2	0,4	

Ескерту:

Мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері жалға алу ақысының мөлшерлемелерін жалға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.

Жалға алу ақысының мөлшерлемелері «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сай қалалар мен елді мекендердің санаттарын ескере отырып анықталады.

облыстық маңызы бар қалалар*, оларға ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;

аудандық маңызы бар қалалар*, оларға аумағында өнеркәсіп орындары, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу мен сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын, халқының жалпы санының үштен екісінен астамын жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері құрайтын елді мекендер жатады;

кенттер*, оларға өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, теміржол стансыларының және басқа да экономикалық тұрғыдан маңызды объектілердің жанындағы, халқының саны кемінде 3 мың адам болатын, олардың кемінде үштен екісін жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері құрайтын елді мекендер жатады;

кемінде 2 мың халқы бар, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі; оларға қала тұрғындарының жазғы демалыс орнылары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

ауыл* — халқының саны кемінде 50 адам болатын, олардың кемінде жартысын ауыл, орман және аңшылық шаруашылығымен, бал ара шаруашылығымен, балық аулау мен балық өсіру шаруашылығымен айналысатын қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары құрайтын елді мекен.

КӨСІПКЕРЛІК

КӨМЕК пен КЕҢЕС

Бұған дейін облыстық кәсіпкерлер палатасы бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өткен жылғы жұмыс қорытындысын шығарған болатын.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Ал енді бизнесті өзге бағыттар бойынша қызмет нәтижелері туралы хабардар етеміз. Соның бірі — кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа ақпараттық-кеңес қызметін көрсету. Кәсіп ашу, дамыту, бухгалтерлік, салық есебін жүргізу, сондай-ақ, мемлекеттік қолдау шараларына қатысты мәселелер бойынша «Атамекен» ҰҚП аймақтардағы палаталарының және олардың филиалдары жанында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында көрсетіледі.

Облыста кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының 9 аудандық бөлімшесі жұмыс істейді. Өткен жылы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орта-

лықтарының менеджер-кеңесшілері 6 мыңнан аса қызмет көрсетті. Қалыптасқан тәжірибе бойынша аймақ халқы ақпараттық офлайн режимінде алғанды жөн көреді. Мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіруден басқа, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге қаржыландыру үшін құжаттар жинауға, бизнес-жоспар жасауға, салық режимін таңдауға, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттар алуға көмек көрсетеді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы табысты іске асырып жатқан «Іскерлік байланыстар» жобасы аясында бизнес субъектілері Германия немесе Жапонияда тағылымдамадан өту мүмкіндігін пайдалана алады. Өткен жылы облыстық кәсіпкерлер палатасына газ саласы субъектісінен Жапонияда тағылымдамадан өтуге өтініш түсті. Сөйтіп, өңірлік палата күн шығыс еліне шығуды ұйымдастыруға ықпал етті.

«Ауыл аманаты» жеңілдіктің несиелендіру бағдарламасын іске асыруға жанама қатыса отырып, өңірлік палата сарапшылары кепіл мүлкі нысанда-

рының мекенжайларына барып, қажет болған жағдайда қаражатты мақсатты пайдалану мәселелеріне байланысты бизнес бойынша кеңес беріп, қажетті құжаттар топтамасын жинауға көмектеседі.

— 2022 жылы нақты қаржыландыру жүзеге асырылмағандықтан, өңірлік палата 2025 жылы несиелік комитеттің табысты қарауы үшін 274 өтінімді толық өзектендіру мен жаңартуды жүргізді, — дейді шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Бекмұрат Мұсахан.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаев палата жанындағы 9 салалық кеңес қызметіне қысқаша тоқталды. Өткен жылы салалық кеңестер 70 отырыс өткізіп, онда 100-ге жуық проблемалық бизнес мәселелері қаралды. Облыстық кәсіпкерлер палатасының салалық кеңестерінің жетістіктеріне тоқталған Дәурен Оңалбаев оңайлатылған декларация негізінде Текелі, Талдықорған қалаларында, Кербұлақ ауданында арнайы салық режимінің мөлшерлемесін 4%-дан 2%-ға дейін төмендетуге қол жеткізілгенін атап өтті. Сондай-ақ, аймақтың басқа аудандарындағы жергілікті атқарушы органдар арнайы салық режимі мөлшерлемесін тек 1%-ға (4-тен 3-ке дейін) төмендетуге келіскені аталып өтті.

РОБОТОТЕХНИКА

IT саласында кең тараған бір ұғым бар — «взрастить единорога». Бұл стартаптың нарықтағы құнын 1 миллиард доллардан асыру дегенді білдіреді. Әлемде мұндай жетістікке жеткен компаниялар санауды ғана. Ал сол биік жежені бағындыруды армандаған жастар Жетісу аймағында да қалыптасып келеді. Облыстағы «Jetisu Digital» аймақтық IT-хабы дәл осындай батыл мақсатты көздеген жаңа буынды тәрбиелеуде.

Медет ЖҰМАБАЙ

Оқушылар сарайында өткен ауқымды көрме — соның айқын дәлелі. Шараға қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары қатысып, өздерінің тың жобаларын ұсынды. Олардың қатарында жеке және мемлекеттік білім беру мекемелерінің шәкірттері бар. Барлығын біріктірген ортақ бағыт — робототехника мен жасанды интеллект.

Көрмеде ерекше назар аударған жобалардың бірі — «TK Robotics» мектебінің оқушысы Нұрасыл Шариповтың жұмысы болды. Ол қашықтан басқарылатын, жаракат алған адамдарды қауіпті аймақтан эвакуациялауға арналған роботтың макетін таныстырды. Жас онертапқыштың айтуынша, мұндай құрылғы ірі техногендік апаттар кезінде құтқару жұмыстарын айтарлықтай жеңілдетуі мүмкін. Қазірдің өзінде жоба әлеуеті жоғары, тек оны әрі қарай дамыту үшін қолдау қажет.



— Жуырда шәкірттерімді Астана қаласында өткен республикалық жарысқа апарып келдім. Байқауда жеңілді орын бұйырмағанымен, оқушылар өз деңгейінде жақсы нәтиже көрсетті. Биылғы сайыстың ерекшелігі — тапсырмалар археология саласымен байланысты болды. Қазба жұмыстарына IT технологияларды енгізу мәселесі қамтылды. Болашақта жетісулық өрендердің талай додада

топ жаратынына сенемін, — дейді робототехника үйірмесінің жетекшісі Айгүл Сыдықова.


Жиында №19 мектептің 10-сынып оқушысы Рамазан Өміргали өз жобаларын таныстырып, IT және жасанды интеллект саласында фриланс арқылы табыс табуын жолдары туралы ой бөлісті. Оның бағыл көзқарасы мен нақты жоспарлары — ертеңгі күні Жетісудан да әлемдік

деңгейдегі стартаптардың шығуы әбден мүмкін екенін көрсетеді.

Шара соңында акт залында салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Робототехника мектептерінің негізін қалаған ұстаздар мен бағдарламалаушы оқушылар арнайы Грамоталармен марапатталды. Бұл — олардың еңбегіне берілген лайықты баға ғана емес, жаңа жетістіктерге жігер беретін маңызды қадам.

ЖЕТІСУДА ЖАСАЛҒАН

Қазақ даласы сан тарихты қойнауына жасырған көмбе іспетті. Сол көмбенің арасында осы өңірді мекендеген талай өркениеттің қазынасы жатыр. Ұлан-ғайыр атырапты әр тасын зерделегендер кешеге дейін ақиқаттай боп келген тарихты әп-сәтте жалғанға айналдыруда. Мәселен, Бехистун жазбасы. Әйгілі Дарий сақ даласына келіп, масқара жеңілісіне қарамастан, сол тарихи жәдігерге «сақ-масагеттерді жеңдім» деп жазыпты. Кейінгі тарих Дарийдің Ұлы Далада тізе бүккенін айғақтайды. Жазиралы жалпақ даланың төсінде қазақтың арғы атасы көк түріктер дүниені сан мәрте дүр сілкіндірген. «Көк бөриден тараған көк түріктің ұрпағымыз» дегенмен, түрік сөзінің тамыры қайдан екенін біріміз біліп, біріміз білмейміз. Түрік сөзі мықты, қайратты, күшті дегенді білдірсе керек. Ал, оның мықтылығы мен күштілігі ұсталық өнерден бастау алады. Алтай тауын мекендеген түркілер темір балқытып, қылыш пен найза соғу арқылы даңқты болған. Атауының өзі темірден түйін түюге тікелей қатысы бар. Тарих пернесін шертуімізге «Жетісуда жасалған» айдарының кейіпкері болып отыр. Сауытты қақыратқан жебе, дұшпанға үрей туғызған қылыш жасамаса да, қыз-келіншектің сәнін келтіретін әшекей, сырға мен сақинаның неше түрін жасайтын кешегі ұста көк түріктің ұрпағы бүгінде арамьзда жүр. Есімі – Құралбай Мәуейхан.



Зер қадірін
білген

Дастанбек САДЫҚ

Сөз басын Алтай тауларынан бастауымыздың да өз себебі бар. Бүгінде Алакөл ауданы, Үшарал қаласында отырып-ақ, Қазақстанның түкпір-түкпіріне өз өнімін ұсынып отырған зергердің туған жері түркілердің тербелген бесігіндей болған Алтай аймағы. Кейіпкеріміз әр Алтайдың Қытайға қарасты Көктоғай жерінен Қазақстанға 2006 жылы келген. Өзінің айтуынша, ұсталық өнер ата-бабасының байырғы кәсібі екен. Ұрпақтан ұрпаққа аманатталып, күні бүгінге жеткен саф алтындай өнерді бұзбай, жалғастырып отырған бір әулеттен тараған жалғыз буын. Олай деуге толық негіз бар. Құралбай бір кіндіктен тараған 18 ағайынды. Соның жетеуі Қазақстанға табан тіреп, осында күнелтуде. Қалғаны Қытай жақта. Сол 18-дің ішінен атакәсіпті бүгінге дейін жалғап келе жатқан жалғыз өзі.

Бірақ, металдан зер түйетін маманнан үйренушілер көп болғанмен,

оның өнерін тікелей өз ұрпағы әлі үйренбепті. Оның өз себебі бар, балалары әлі жас. Бұл Құралбайдың кеш үйленгенін білдірмесе керек.

Сабыр. Ыждағаттылық. Шыдам. Осы үшеуі ұсталық өнерді, оның ішінде бағалы металдан бұйым жасайтын зергерге аса қажет. Қыз-келіншектің сәнін келтірер бармақтай бұйымға түрлі ою салу үшін үшеуін жанына серік етуге тура келеді. Құралбайдың ұстаханасына бас сұққанымызда күміс сымнан жұмыртқадай күміс салпыншақ даярлауда екен. Ойлап қараңызшы, тұтас күмістен емес, сымнан. Ауызбен айтуға оңай болғанмен, ұстаның жеті күннен бергі әлегі осы. Өлгі салпыншақтың ішіне бағалы тас салынады. Онысы мойындағы алқаға тағылады. Осынша уақыт титімдей бұйым даярлауға жұмсау үшін шын сабыр қажет. Құралбайдың сәби сүюдегі қарекеті де сондай. Ерте үйленгенмен, балалы болуды ұзақ күткен. Айтуынша, тым ұзақ, бірақ Алланың дарытқан сабырымен бүгінде үйелмелі-сүйелмелі 3 баласы бар. Ал олардың атакәсіпті үйренуіне әлі ерте. Айтпақшы, әлгі салпыншақты Атыраудың тұрғыны әлеуметтік парақшасы арқылы тапсырыс берген. Құны 200 мың теңге.

Құралбай Мәуейханнның ұстаханасы Үшарал қаласындағы базардың орталығында орналасқан. Аядай ғана бөлме. Шамамен 12-15 шаршы метр бөлмені дизелді пеш жылытып тұр. Шеберханасында ине шаншар

бос жер жоқ. Шебермен болған 1,5-2 сағаттық әңгіме-мізді 10-ға жуық адам бұзды. Бәрінің мұнда бас сұғуына себебі – алтын бұйымын жөндету, жаңасын жасау. Айтуынша, қазір мұнда көп жұрт сатып алудан гөрі, қолда барын жаңалауға келетін көрінеді.



Гульноз ТАДЖИЕВА,
Өзбекстандағы «Mitti olam» баспасының бас редакторы, жазушы, суретші әрі аудармашы:

– Наурыз – халықтың жадында сақталған, ұлттың рухын айқындайтын ерекше мейрам. Көктемнің алғашқы күндерімен бірге келген бұл мереке табиғаттың ғана емес, адамдардың да көңілі мен ниетінің жаңаруын білдіреді. Қыстың ұзақ күндерінен кейін жер бұсанып, ағаштар бұр жарып, тіршілік қайта жандана бастағанда, халық та Наурызды үлкен үмітпен қарсы алады.

Бұл күні Өзбекстанның әр өңірінде ерекше мерекелік көңіл күй орнайды. Көшелер ән мен күйге толып, алаңдарда халықтық думандар өтеді. Адамдар ұлттық киімдерін киіп, бір-бірінің үйіне барып, ақжарма тілектерін айтып, таулық пен сыйластықтың белгісін көрсетеді. Үлкендер батасын беріп, жастар ұлттық ойындарға қатысып, ел ішінде шынайы қуаныш пен бірлік сезімі орнайды.

Наурыздың ажырамас дәстүрлерінің бірі – сумалық әзірлеу. Өнген бидайдан дайындалатын бұл тағам өзбек халқы үшін береке мен молшылықтың нышаны. Үлкен қазанға салынып, түні бойы қайнатылатын сумалықтың басына көршілер мен туыстар жиналып, ән айтып, әңгіме айтып, бір-біріне ізгі тілектерін арнайды. Бұл – жай ғана тағам дайындау емес, адамдарды жақындастырып, ортақ қуанышқа бөлейтін ерекше дәстүр.

Өзбекстандағы Наурыздың басты мәні – адамдарды бірлікке шақырып, ұлттық дәстүрлердің өміршеңдігін көрсетуінде. Бұл мейрам бізге өткеннің өнегесін еске салып, болашаққа деген сенімді арттырады.

Наурыз – халықтың жүрегінде сақталған мейірім мен таулықтың, үміт пен жаңарудың жарқын символы.

Барша елді көктемнің жаңау мерекесімен құттықтаймын!



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

– Қазақстанға 2006 жылы қоныс аударды. Жеті бауырыммен алғаш табан тіреген жеріміз Алакөл ауданына қарасты Қабанбай ауылы болды. Сол жерде қолдан келгенді істеп күнелтіп жүрдік. 2015 жылы Үшаралға қоныс аудардым. Ал бауырларым сонда қалды. Осында келген соң осы шеберхананы аштым. Сол жылы 1,5 млн. теңге қаражат жұмсап, құрал-жабдық алдым. Содан бері шеберханамды заманауи жабдықтармен толықтырудамын. Қазір жалғыз өзім айына 5 келі ішкі күмісті өңдеп, бұйым жасай алатын қауқарым бар. Бірақ, көп жұрт, яғни жергілікті тұрғындар жасалған бұйымды алғаннан гөрі, өзі пайдаланып жүргенін жөндетуге, жаңалатуға келеді. Топшылауым бойынша, оған себеп – халықтың әл-ауқаты, – дейді зергер.

Қазір кейіпкеріміз бір айда орта есеппен 1,5-3 келі шамасында күмісті бұйымға айналдырып отыр. Айтуынша, соңғы жылдарда қолдан жасалған бұйымға сұраныс төмендеген. Есесіне Құралбайдың зерлегендерін шетелдіктер көптеп сатып алады. Сөзіне сенсек, жергілікті тұрғындар күмістің қасиетін жете түсінбейді. Шетелден басып шығатын құрылғыда жасалатын алтынға құмар. Ал, күмістің адамға пайдасы алтынға қарағанда жоғары.

– Күміс – денсаулыққа пайдасы бар металл. Мұны медицина әлдеқашан дәлелдеп қойған. Тұтынушыларымыз дені шетелдіктер. Оның ішінде Қытай мен Моңғолияны мекендеген қазақтар. Олар бұйымның бағасына емес, сипатына қарайды. Тарихты парақтасақ, сонау Мысырда Менес перғауын дәуірінде күміс алтыннан бірнеше есе қымбат болған екен. Олар көп жағдайда оны медициналық сипатта пайдаланыпты. Ата-бабамыз ежелде қолында, киімінде күміс әшекейлері жоқ әйелдерді қазан-ошаққа жолатпаған. Кей өңірлерде онсыз пісірілген асты арамға санаған. Бұл дәстүр көрші түрікмен елінде күні бүгінде де қолданыста бар. Күміс демеуші, сонау ерте замандарда қазақ қолы мен қалмақ қолы

соғысып жатқан кезеңде, сол жерде бір жұқпалы ауру пайда болып, қалмақ қолы сол кеселден жаппай қырылған деседі. Ал қазақ сарбаздарының ешқайсысына бұл кесел дарымаған. Кейін зерттеушілер бұның басты себебі, қазақтың қару-жарағы мен ат-әбзелдерінде күмістің мол болуынан деп тұжырым жасаған. Дана халқымыз күмістің көптеген жұқпалы кеселге қарсы тұратын қасиеті барын ежелден-ақ бағамдаған, – дейді кейіпкеріміз.

Оның айтуынша, күміс бұйымдар мен әшекейлерді баланы қырқынан шығарарда суға салу дәстүрі әлі күнге қолданыста. Осының өзі күмістің шын пайдасын айшықтап тұр. Кейіпкеріміздің әңгімесінен оның тек зергер емес, ата-баба даналығын таратушы, аманаттаушы деп топшылады. Ізденуді де әдет қылып қалыптастырғаны байқалады. Сөзіне сенсек, адам ағзасында күміс әуелден бар. Күміс мида, жүйке жасушаларының ядросында, сүйек ұлпаларында, ішкі секреция бездерінде, көздің құбылмалы қабықшасында көп кездеседі. Ол ағзадағы физикалық үдерістердің қалыптатылуына, ішкі мүшелердің дұрыс жұмыс істеуіне қызмет етеді. Күміс зат алмасуына, қан түзілуіне атсалысады, ағзаны жасартады. Өйткені күмістің иондары жасушаларға тез енеді. Бұл металл адам денесімен әрекеттескенде ағзадағы ток күміске қарай бағыттталып, сол арқылы аурулар да оған қарай тартылады.

Қазір Құралбай Мәуейханнның шеберханасында 20 миллион теңгенің жабдығы тұр. Бәрін маңдай термен тапқан. Уақытында мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, кәсіпін кеңейтуді көздеген. Бірақ, ондай мүмкіндікке қолы жетпепті. Алайда, алдағы уақытта 2 құрылғы алуды көздеп отыр. Бірі – бұйымға лазерлік жазу салатын, екіншісі – бұйымға металдан ойып жасайтын. Олардың бағасы аспандап тұрған көрінеді. Айтуынша, Алматыға зергерлік орталыққа жоғары жалақыға жұмысқа шақырыпты. Бірақ, ата-бабасынан қалған кәсіпті жалғау үшін әрі аманатын орындау үшін осында жұмыс істеп келеді. Күмістен зер тоқыған зергерге сәттілік тілеп біз жөнімізге жүре бердік.

Үшарал қаласы,
Алакөл ауданы



НЕВРУЗ ресми мереке атауын алды

Қабыл ЕРКИМАН,
Анкарадағы Қазақстан елшілігінің өкілі:

– Биылдан бастап Түркияда Наурыз мейрамы мемлекеттік деңгейде тойлануда. Бұған дейін аталмыш байрам бейресми аталып өтіп келген. Анкарада өткен мемлекеттік шарада Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған: – Наурыз ортақ мәдениетіміз, ортақ тарихымыз және ортақ көңіліміздің ең маңызды нышаны. Наурыздың бұл құндылықтарын арттыра түсу қажет. Бірқатар түркі мемлекетінде ресми мереке ретінде аталып өтетін Наурызды барлығымыз бірге тойлайтын уақыт келді, – деді. Бұрын Түркияда күн мен түннің теңелуін ән айтып, би билеп, оттың үстінен секіріп, темір соғып тойлаған. Түрік ағайындар аталмыш мейрамда бала-шағаға сыйлық жасап, жаңа киімдер алып беріп, қуантқан. Дастарқан жайып, өмірден өткен туыстарын еске алған. Мереке әдетте түріктерде «Невруз байрамы» деп аталады. Қазіргі уақытта қазақ, әзірбайжан, қырғыз, түрікмен, өзбек, татар және ұйғырлар Анадолыда Наурыз мейрамын көңіл көтеру шараларымен ұластыруда. Мерекелік шаралар арасындағы кейбір айырмашылықтарға қарамастан түрік мәдениетінде наурыз айы жаңару, ояну және гүлдену кезеңі болып саналады.



ОЙШАМ

Балалықтың Бал көжесі

Үстіме жамылған көрпенің саңылауынан тәтті бір тағамның иісі кіріп, танауымды қытықтап барады. Түн жарымға дейін Күлай апамның қасында жүріп, жәй жатқам. Ұйқыны да қимаймын. Қарным шұрылдап, тамақтың иісі мазалап барады. Ақырын ғана қолыммен сипасам, апамның орны бос. Баяғыда орнынан тұрып кеткенге ұқсайды, жатқан жерінде жоқ. Мен ғана жылы көрпенің астында бүк түсіп жатқан. Көрпемен басымды бүркеп алайын десем, тынысым тарылып, ауа жетпей тұншығамын. Ас үй жақтан қазанның қақпағы бір ашылып, бір жабылып тарсылдаған дыбыс мазамды қашырды. Ақыры шұрылдаған ішек пен тәтті иіс мені ұйқыдан оятты. Көзімді ұқалап, беті-қолды жұмастан дастарқанның басына келіп отырғаным сол еді.

– Балапаным-ау, неге ерте тұрдың? Әлі ерте, жата тұрмадың ба, наурыз көже де дайын бола қойған жоқ, – деді Күлай апам.

– Көжеңіздің иісі мұрныма келіп, қарным ашып оянып кеттім, ана.

– О, құлыным, сені оятқан көже екен ғой, онда сәл шыдай тұр. Беті-қолыңды жуып, дастарқандағы тағаммен оразаңды аша бер. Мен қазір Лида апаның үйіне наурыzkөжеге барып келейін, – деді.

Былтыр да дәл осы күні біздің көше наурыzkөже таратқан. Көрші-қолаң барлығы үй-үйді аралап, Наурыз тойын тойлатқан еді. Міне, сол дәстүр бұзылмай біздің көшенің мерекесі басталды. Шаған таудың етегінде Жарлыөзек дейтін кішкене гана ауыл бар. Мен сол ауылдың тумасымын. Қазір қалалық болғаныммен күні кеше гана тұлымшағым желбіреп, ауылда жүрген кезім есіме түсіп, наурыzkөжені есіме алып отырмын. Қайран, балалық! Қайта оралмайтын кез екен ғой. Әсіресе, Наурыз мерекесі келгенде біздің көше құлпырып шыға келеді. Көршілер де жайнап, бар тәттісін келген қонақтың аузына тосып, көже ішу мен көже таратудан назыз бәйге болады. Базардағы азылған адамдардай әр үйге кіріп көже ішіп жүрген ел-жұрт әлі күнге дейін есімде. Кейін де ауылға бардым ғой. Дәл солай дәстүрлі наурыzkөжені таратады. Бірақ, балалық кездегіңдей емес, өзгеше болып кеткендей көрінеді. Мен балалықтың бал көжесін іздеймін.

Апам қолына сары тостағанын алып Лида апаның үйіне кетті. Ол көшенің қарсы бетінде тұрады. Ақжарқын, қолы ашық, дастарқаны өмірі жиналмайды. Қашан көрсен үйінен қонақ үзілмейді. Оның үстіне біздің көшенің үлкені сол кісі, дәстүр бойынша бірінші Лида апайдың үйінен басталып, соңы біздің үймен аяқталады. Апамның «оразаңды аш» дегенін ұмытып, апамның келгенін құттым. Күлай апам бос келмейді, барған жерінен сары тостағанын толтырып, наурыzkөже-сің ала келеді. Жылдағы дәстүр ғой, мен де әдеттеніп алғам. Әкелген көжесінен дәм татып, қарнымды әбден тойдырамын. Әр үйдің көжесі әртүрлі, оны біз дәмінен-ақ айырамыз. Бақыт апаның көжесі тіпті керемет болады. Қыстан қалған сүр мен қышқылым қатық қосқан көжесінің дәмі тіл үйіреді. Біздің де көже осал емес, апам ерте тұрып қазанға ет салып, астына от тұтатып кеткен. Бұрқылдап қайнап жатыр, бағанағы мұрнымды қытықтап жүрген еттің иісі. Ал менің ойым көжеде, екі көзім Лида апаның үй жағында. Көп ұзамай апам үйге келді.

– Ау, құлыным, әлі отырсың ба? Бар қолыңды жу, мына көжеден ішіп ал, – деп мені айналып-толғанып жүр.

Қайран апам-ай! Немере десе жүрегі езіліп сала береді ғой. «Өз баласын осылай жақсы көрді ме екен?» деген ой кейде санамды мазалайды. Әй, қайдам? Біз дегенде көңілі алаөтен. Кеудесінен жүрегін суырып берердей.

Апам сары тостағандағы көжесін бос ыдысқа төңкере салды да ыдысын қолтығына қысып, Бақыт апаның үйіне қарай зулады. Қалған көршілер де сол үйді бетке алды. Әр үйден келген көженің дәмін татып, мен үйде қалдым. Асыға күткен Бақыт апаның да көжесін ішіп, іштей алғысымды білдірдім. Апам мені тамақтандыра жүріп, қазандағы көжесімен әлек. Қонақтардың келетін уақыты да жақын қалды. Дастарқанын жайнатып, безек қағуда. Асыға күткен қонақтар келді, біздің шаңырақтың Наурыз мерекесі басталды. Елмен таласып, дастарқандағы тәттіден мен де ауыз тидім. «Қонақ келсе, бала құтырады» деген осы шығар?!
Ия, одан кейін де талай мәрте наурыzkөже іштім ғой. Бәрібір балалықтың бал көжесіне жетпейді.

Арайлым ДӘУЛЕТХАН,
ЖУ 3-курс студенті

ҚИЫРДАҒЫ ҚАНДАСЫМ

Бойында қазақтың қаны тулап, санасында салт-дәстүрі сайрап тұрса қай қиырда болмасын шыққан тек, көрген тәрбие күнделікті жаңғыра бермек. Жұмыс бабымен, отбасылық жағдаймен бүгінде шетелде жүрген қазақтар ара-тұра бас қосып, мереке сайын бір-бірін құттықтап, ал ұлттық мейрам кезінде думандатып жатады. Өзге елде өз дәстүрін ұмытпай, оны ұлықтап, ұл-қыздарына таныстырып, ұрпақ алдындағы парызын өтеп жүргендер жоқ емес. Басқа жерде жүріп Наурыз мейрамын ерекше атап өтетін қазақтармен тілдесіп, олардың ұйымдастырудағы шеберліктеріне үңілдік.

ҚАЗАҚТЫҒЫНДЫ ҰМЫТПА

Серік ҚАНТАЙ

2016 жылы Германияның Нюренберг қаласынан бастау алған Еуропадағы қазақтардың бас қосуы әр наурыз сайын түрлі қалада ауқымды түрде өтіп келеді. Әлеуметтік желіде арнайы «Наурыз» тобы құрылып, онда Еуропада жүрген Айкен Салонен (Финляндия), Серік Тұрсын (Швейцария), Назым Сахай (Германия) және Ақбар қажы Аюби (Дания) бас болып, бүгінде тұрақты ұйымдастып жүр. Тұп-тура 10 жыл болған топ, Еуропаның Гамбург (Германия), Антверпен (Бельгия), Кассель (Германия), Дюссельдорф (Германия), Гаага (Нидерланды) қалаларында өз Наурызды айрықша өткізді.

– Жырақта жүрсек те өз еліміздің мәдениетін, мейрамын ұмытқан жоқпыз. Керісінше, әр айтулы дата сайын атап өтіп, елге деген сағынышты сөйіткендей боламыз. Бұл жерде тек ән айтып, би билеп, ұлттық тағамдардан дәм татып қоймай, қазақтың салт-дәстүрін ұлықтаймыз. Мәселен, елден арнайы келетін сыйлы қонақтар бар, соларға ырымдан

кішкене балалардың тұсауын кестіреміз. Ән айтып, күй тартудан өзара жарыс өткіземіз. Өнерлілерге арнайы сыйлық табыстаймыз. Дастарқанға аса мән береміз, – дейді Еуропадағы Наурыз мейрамын ұйымдастырушылардың бірі Ақбар қажы Аюби.

Былтыр Гаага қаласында Қазақстанның Нидерландтағы елшілігінің қолдауымен өрбіген шараға Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Финляндия, Швейцария және Швеция сияқты елдерінде тұратын 200-ден астам қазақ қатысты.

– Киіз үй элементтері, дәстүрлі ою-өрнектер мен ұлттық киімдер қолданылған декорациялар мен сурет алаңы қазақтың төл мерекесіне тән шынайы көріністі қалыптастырды. Қонақтардың ерекше назарын көшпелі мәдениеттің аспаздық нышандары – наурыzkөже, қазы, қымыз және бауырсақ, сондай-ақ, кең таралған қазақ ұлттық билерін үйретуге арналған сабақ аударды. Бұл мереке халық арасындағы гана емес, ұрпақ арасындағы да мәдени көпірге айналды, – дейді ұйымдастырушылар.

Наурызды Еуропада ерекше өткі-

зетіндердің қатарына былтырдан бастап Нидерландыда тұратын Камшат Демеева, Уасиля Жұматова, Дилек Тастемір-Қалқан қосылды. Бұл топ биыл да ерекше атап өтуді жоспарлап отыр.

– Негізгі мақсатымыз – бір-бірімізбен танысып, үлкенің батасын алып, өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге үлгі-өнеге көрсету. «Наурыз» тобы өткізетін мейрамына бүкіл Еуропа елдерін гана емес, жыл сайын Қазақстаннан, Белоруссиядан, Моңғолия, Қырғызстан және басқа елдерден де келіп қатысады. Адамның кең пейіліне, бейбіт өмірге не жетсін?! – деді Еуропадағы Наурызды ұйымдастырушылардың бірі Серік Тұрсын.

Наурыз басталысымен думандатып, мейрамды айрықша өткізіп жатқан шетелдегі қазақтар да бар. Татарстан астанасы Қазан қаласында Қазан Федералдық университетінің қолдауымен өткен Наурыз тойы осы тізімде. Салтанатты жиында Иран, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан секілді елдер өздерінің төл мәдениеті мен салт-дәстүрлерін көрсетті. Қазан федералдық университетінің 1-курс студенті Жасмина Қадырбаева мен Н. Жиганов атындағы консерваторияның 2-курс студенті Нұржан Жүнісовтің өнері көпшілік көңілінен шықты. Олар қазақтың белгілі музыкалық шығармаларын жоғары деңгейде орындады. Бұл биыл өткен шетелдегі алғашқы Наурыздың бірі.

Одан бөлек, Гонконгтың «PolyU» университетінде Қазақстан Республикасының Бас консулдарының ұйымдастыруымен Наурыз мейрамы салтанатты түрде өтті. Мереке аясында қонақтар үшін арнайы концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, қазақ халқының бай мәдениеті мен Наурыздың тарихы таныстырылды. Сонымен қатар, ұлттық ойындар мен түрлі жарыс өтіп, қатысушылар қазақ дәстүрінің қызықты қырларымен таныса түсті.

Шетелдегі қазақтардың Ұлыстың ұлы күнін тойлауы – рухани тамырдың үзілмеген белгісі. Әсіресе, Еуропаның қақ ортасында он жыл бойы Наурызды тұрақты түрде бірге қарсы алып келе жатқан қазақтардың бірлігі сүйсінетеді. Олар жат мәдениеттің ықпалына жұтылып кетпей, керісінше, көне құрлықтың төрінде қазақтың қайталанбас болмысын паш етіп, ұлттық намысты ту етіп ұстап келеді.





Ұлан-Батырдағы ұланасыр той

Батырбек ХАДЫСҰЛЫ,
Баян-Өлгей қаласының Ұлы Хурал депутаты:

– Баян-Өлгей – бүркіт көтерген, көшпелі өмір салты арқылы әлемге танылған. Моңғолияның батысындағы ең үлкен аймақ. Баян-Өлгей аймағының орталық алаңына жиналған көпшілік мейрамға ерекше көңіл-күймен келеді. Астанамыз Ұлан-Батыр қаласында бірнеше жылдан бері үлкен киіз үйлер тігіліп, орталық алаңға жоғары биліктегі тұлғалар қатысады.

Наурыз – түркі халықтарына ортақ көне мереке. Баян-Өлгей аймағында бұл мейрам ерекше ұлттық нақышпен, қазақ халқының салт-дәстүріне сай кең көлемде аталып өтеді. Мереке күні жұртшылық ұлттық киімдерін киіп, орталық алаңдарға жиналады. Ұлтымыздың ұлық мерекесі ақсақалдарымыздың ақ батасынан, жастардың үлкендерге құрмет көрсетуінен басталады. Ән айтылып, күй тартылып, халықтық өнер кеңінен насихатталады. Осы арқылы ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық рух нығая түседі.

Баян-Өлгейдегі Наурыз – тек мереке ғана емес, ол қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін сақтап, келер ұрпаққа жеткізетін рухани құндылық. Атадан балаға қалған асыл мұрамыздың құлдырамауына мұрындық болған Моңғолияның Президенті Ухнаагийн Хурэлсухқа мың рахмет айтамыз. Биыл Мемлекет басшысы арнайы келіп, қазақ халқын Ұлттық мерекесімен құттықтайды. Халық алаңға тігілген ақ ордадан наурызкөжеден дәм ауыз тиеді. Балабақша, мектеп ұжымы, мекеме қызметкерлері ұлттық киімді насихаттау мақсатында бір апта бойы ұлттық киіммен жүреді. Дәл Наурыз тойында көпшілік алдынан сән-салтанаты жарасқан, көз жауын алатын ұлттық киіммен шеру жасап жүріп өтеді. Мұнда біз ұлттық киімдерімізді дәріптеп қана қоймай, өскелең ұрпақтың санасына сақтап алуына атсалысамыз.

Баян-Өлгей аймағындағы барлық сұмында Наурыз мейрамы ерекше аталып өтеді. Аламан айтыстар ұйымдастырылып, ұлттық күрестен балуандар күш сынасады. Әр үйде қазан асылып, наурызкөже пісіріледі. Теңге ілу, арқан тарту, жаяу жүгіріс сынды сайыстар ұйымдастырылады.

Баршаңыз адамдық игіліктердің ең құтты да қуанышты, ырысты да тынысты жақсылықтарымен қауышыңыздар, ағайын!

Ср фильм сюжеті алғашқыда қарапайым көрінгенімен, астары терең әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Қарттар үйінде тұратын зейнеткерлер балалар үйіне концерттік бағдарлама көруге барады. Алайда күтпеген жерден коронавирус індеті тарап, кейіпкерлер балалар үйінде карантинге жабылып қалады. Осылайша екі түрлі әлем – қарттар мен балалар тағдыры бір кеңістікте тоғысады.

Бастапқыда бір-біріне жат көрінген «ата мен бала» ұғымындағы бұл екі буын ортақ тіл таба алмай, араларында түсініспеушілік орын алады. Бірақ уақыт өте келе, мәжбүрлі окшаулану олардың арасындағы алшақтықты жойып, рухани жақындасуға жол ашады. Кинодағы түрлі оқиға арқылы кейіпкерлер бір-бірінен жан жылуын тауып, тағдырлас жандарға айналады.

Фильмде басты рөлдердің бірін сомдаған актер Кендебай Темірбайұлы бұл туындының қоғам үшін маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұндай фильмдер жетімдік ұғымының жойылуына, адамдардың жүрегінде мейірім мен жауапкершілік сезімінің оянуына ықпал етуі тиіс. Ол жаңа шығарманың еліміздің барлық өңірінде көрсетіліп, әсіресе балалар мен қарттар үйлерінде кеңінен насихатталғанын қалайтынын жеткізді.

– Осы фильмнен ой түйген жан болса біз бақыттымыз. Театр мен кино саласы негізінде ұжымдық еңбек қой. Бұл ұлық дүниені туындының басында тұрған, идея авторы Гүлмира Зербай қарындасымыз Жетісу жерінде дүниеге әкелді. Осы киноның көрсетілімі тек Талдықорғанда шектеліп қалмаса екен деймін. Бұл фильмді республикаға көр-



Медет ЖҰМАБАЙ

сетуге болады. Жақсы шығарманың дүниеге келгеніне өз басым ризамын. Игілікті істің басында болған әрбір жанға қалай алғыс айтсақта жарасады, – дейді актер Кендебай Темірбайұлы.

Туындының басты ерекшелігі – оның өмір шындығын айна-қатесіз бейнелеуінде. Фильм қазіргі қоғамдағы өзекті әрі ащы мәселелерді бүкпесіз көрсетеді. Кейбір балалар ата-ананың мейірімінен шет қалып жатса, енді бір қарттар өз перзентіне артық жүк секілді

көріне бастайды. Осындай күрделі әлеуметтік тақырыптарды арқау еткен картина көрермен жүрегіне жол тауып, ешкімді бейжай қалдырмайды.

– Біз бұл киноны көріп қана қоймайдық. Мұндағы балалармен бірге сол тағдырды кештік. Еш уақытта аналары балаларынан айырылмасын. Бала да, ана да, ата да бақытты өмір сүрсін. Өкінішке қарай өмір болғаннан кейін кинодағы жағдайлар қоғамда бар. Елімізде қарттар үйі, жетімдер үйі болмасын. Өмірдің қасіретін көрсетіп, соны осы жұрт түсінісін деп еңбек еткен ұжымға үлкен алғысымызды айтамын, – дейді

ЖАҢА ТУЫНДЫ

Талдықорғанда «Атасының баласы» атты көркем фильмнің тұсаукесері өтті. Талантты режиссер Ерлан Ұшақбаевтың бұл туындысы көрермен жүрегіне жол тауып, жұртшылыққа ерекше әсер сыйлады. Жиналған көпшілік экраннан өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғаны көріп, көңілі толқыды, көзіне жас үйірді.

«АТАСЫНЫҢ БАЛАСЫ»

облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Жамал Баймадиева.

«Жетісу» телеарнасының директоры Думан Алтынбекұлы:

– Наурыз мерекесі қарсаңында көрерменге жол тартқан төл туындымыздың тұсаукесері құтты болсын! Киноны қайталап көрсек те көмейімізге өксік тығылып, көз жасымызды бір сығып алдық. Ең бастысы кинодан көп ой түйдік, әсер алдық. Осы туындыға атсалысқан барлық азаматқа, әсіресе театр ұжымына, серіктесіміз болып кеткен «Айналайын» балаларды қолдау орталығына көп-көп рахмет. Аз ғана қаржымен осындай үлкен туындыны жасап шыққан Ерлан Ұшақбаев бастаған түсірілім тобына мың алғыс. Осыдан 10 жыл бұрын Бейсен Құранбектің идеясымен «Ләйлә» киносымен басталса, сол дәстүр жалғасып, былтырдан бері 2 жылдың ішінде үшінші киноның туындысына тұлғауын жасап шығарды. Ол да болса біздің еңбегіміздің, үмітіміздің ақталғаны. Алла бұйырса, түсірілім тобы быыл да бірнеше туынды түсіруді жоспарлап отыр, – дейді ол.

Аталған шығарма отбасы деген ұғымның тек қандық байланыспен шектелмейтінін, ең алдымен, жауапкершілік, қамқорлық пен махаббатқа негізделетінін еске салады. Фильм көрерменді бір сәтке тоқтатп, өмірдің қарбаласында назардан тыс қалып жатқан ең қымбат жандарды – ата-ананы, баланы, қарттарды ойлауға шақырады.

Бұл туындына ұрпақтар сабақтастығы мен адамгершілік құндылықтардың мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдеген әсерлі шығарма десек қателеспейміз.

ТАҒЗЫМ



АЙШЫҚТЫ ІЗІ ҚАЛДЫ

Кейде өткен өмірің, артта қалған күндерің еріксіз еске түсетін сәттер болады. Сондайда кездескен кезде көңіліңе сәуле түсіретін жандарды іздейсің, емен-жарқын әңгімелескің келеді. Сол сағынған, іздеген адамдар арасында енді кездесе алмайтындар да бар. Олар – бақилық болған, өмірден озған жандар. Жазмыштың қаталдығы да осында шығар.

«Адамдар қызық. Тым қартайған шағында асарымды асадым, жасарымды жасадым, маңдайға жазған азды-көпті ғұмырымды тауыстым» деп ойлайды. Керісінше өмірдің өзің үшін де, өзгелер үшін де ең бір бағалы сәті осы кезден басталады». Расында да алпысқа алқынбай жетіп, жетпістен желіп өткен ағамыз шабытты еңбегімен өзіне де, өзге де бақыт пен қуаныш сыйлайтын жаста еді. Амал не, айналдырған ауру етегінен тартып жүріп, бір-ақ күнде ағайындарынан, балаларынан, немерелерінен алыстатты.

Өткен жылы Наурыз күні ағайын-туыстары, жора-жолдастары, замандастары қимастықпен Сейілхан ағамызды соңғы сапарға шығарып салды. Талдықорған қаласындағы ағамыздың шаңырағының алдында қоштасу рәсімі өтті. Жетісудың танымал тұлғалары тірлігінде ел игілігін еселеуге бір адамдай үлес қосқан, соңында айшықты ізі бар азаматтың қадір-қасиетін айтып жатты. Сейілхан Базарханұлы 1970-1972

жылдары М.Төлебаев атындағы кеңшарында бас бухгалтердің орынбасары, бас экономист болып еңбек жолын бастады. 1972-1974 жылдары Бөрлітөбе аудандық жоспарлау комитетінің төрағасы, 1974-1977 жылдары «Прибалхаш» кеңшары партия комитетінің хатшысы, 1977-1980 жылдары аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1980-1982 жылдары аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары – Бөрлітөбе аудандық агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары – Бөрлітөбе аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы, 1989-1991 жылдары «Құрақсу» кеңшарының директоры болды.

– Сейілхан ағаны матайлықтар Құрақсуға жол салдырған көшелі азамат ретінде таниды, – деп еді прокуратура саласының ардагері заңгер досымыз Марат Асқарбеков.

Әлі күнге дейін есімде бұрын құм шағылдың ортасынан туыстары тұратын шаруашылыққа әзер жететін матайлықтар Сейілхан Базарханұлы кеңшарды басқарып тұрғанда асфальт жол салынғанын жыр қылып айтады. Осы жол арқылы құрақсулықтардың Матай интернатында оқитын балаларының қатынасы жеңілдеп, ауылға серпіліс туғызып еді.

Осындай ізгі істері қалың елдің есінде. Шаруашылығы төмендеп қалған кеңшардың ісін шгерілеткен ағамызға

айтылар алғыс мұнымен шектелмейді. Сейілхан Базарханов басқарған жылдары Құрақсуға Қаракөл тұқымдас қойлар өсіріліп, өнімдері бағаланып жатқанын да жұртшылық ұмыта қойған жоқ.

Артта қалған шаруашылықты өрге сүйреген Сейілхан Базархановтың іскерлігі жоғарыдағылардың назарынан тыс қалмады. Кеңшар директорылығынан Сейілхан аға 1991-1992 жылдары Қаратал аудандық атқару комитетінің төрағасы лауазымына жоғарылатылды. Тәуелсіздік алған жылдардағы өліара кезеңде жауапты жұмыстар атқарды. 1992-1996 жылдары Қаратал ауданы әкімінің орынбасары, 1996-1998 жылдары «КомбикормАгро» ашық акционерлік қоғамының бас директоры қызметтерін абыройлы алып жүрді.

Кейіннен кәсіпкерлікке бет бұрды. Жетісуды, республиканы сүт өнімдерімен қамтамасыз ететін «Үштөбе-Айдын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры ретінде облыс экономикасына үлес қосты. Соңғы демі үзілгенше ержетіп, өз қолдары өз ауыздарына жеткен, мемлекеттік қызметте, кәсіпкерлікте жолдарын айқындаған үш ұлының ақылшысы, немерелерінің сүйікті атасы болды.

Бұл кісінің азаматтығы мол еді. Қандай қызметте жүрсе де адалдығынан, турашылдығынан танбады. Осы мінезі оның қасиетіне айналды. Жұртшылық алдындағы беделін өткен жылдары әкесі Орманбай туралы кітап шығарып, сол кітаптың тұсаукесерін өткізгенде көріп сүйсінген едік. Бірақ айтып келмейтін ажал азаматты алып, орнын ойсыратып кетті. Сонында іздейтін балалары бар, бауырлары бар, ниеттес достары бар. Сейілхан ағамыздың жатқан жері жайлы, алды пейіш болсын деген көпшіліктің ізгі тілегіне қосыла отырып, соңында өшпес із қалдырған тұлғаның өнегесі ұрпағы арқылы жалғасын таба берсін дейміз.

Жомарт ИГМАН,
Жазушылар одағының мүшесі



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ



Мейрамның белгісі – семени

Фахредин МАГЕРРАМОВ,
«Нахичевань» этно-орталығының төрағасы:

– Наурыз мерекесі түркі халқына ортақ болғанымен әр елде өзгеше тойланады. Өзіндік өзгешеліктер болғанымен түркіге ортақ құндылықтар сақталып, береке мен бірліктің нышаны басты темірқазыққа айналады. Дәл осындай ұлттық құндылықтың бірі – Әзірбайжан елінде де кең көлемде аталып, Наурыз мерекесін жалпы ұлт болып атап өтеді.

Әзірбайжанда бұл мерекені «Нәврүз байрамы» деп атайды. Елдегі ең маңызды мерекелердің бірі саналады.

Мереке күндері адамдар жұмыстарын доғарып, жақындарымен жүздесіп, көңілді уақыт өткізген. Атап айтқанда, Оңтүстік Әзірбайжанда бұл дәстүр осы күнге дейін сақталған.

Наурыздың бірінші күні адамдар ұйқыларынан ерте тұрады. Су қоймаларына барып, беті-қолын жуады. Сонымен қатар, бір-біріне су шашады. Осылайша, тазарту жүреді. Одан кейін дәстүр бойынша адамдар бір-біріне тәтті жегізеді. Бұл күні бал немесе қант жеу керек. Одан соң терең дем алып, «жаман рухтардан» артылу керек деп есептейді. Наурызға арналған дастарқанды дайындауға көп көңіл бөледі. Дәстүр бойынша әр отбасы дастарқанға «с» әрпінен басталатын жемі тағамнан дайындалатын ас қояды. Үстел үстінде сумах, сүд – сүт, сирке – сирке суы, семени – бидайдан жасалатын ботқа, сәзби – көкөніс және басқа да тағамдар тұрады.

Дәстүрлі тамақтардан бөлек үстел үстіне айна, майшам және боялған жұмыртқа қойылады. Аталған заттардың терең мағынасы бар. Майшам адамды жаман рухтардан қорғайтын жарық пен жылынды, ал айна Жаңа жылдың келуін немесе тазалықты білдіреді.

Наурыздың негізгі символы – семени (өнген бидай). Ол табиғаттың ояңғанын білдіреді. Семени Наурыз мерекесіне дейін бірнеше апта бұрын дайындала бастайды. Ол дастарқанға қойылар алдында қызыл лентамен оралады. Мереке аяқталғаннан соң семени тасталмайды, бидайдан тәттілер әзірленеді.

Негізі Наурыз мерекесіне дайындық бір ай бұрын басталады. Наурыздың алдындағы төрт сейсенбі төрт дүлей күшке арналған. Бұл дәстүр «чершенбе ахшамы» деп аталады, ел аузында қысқаша «чершенбе» делінеді. Осылайша, әр сейсенбі сайын Су, Од, Йел және Торпаз (немесе Ахыр) чершенбе (Су, От, Жел және Жер күні) атап өтеледі. Бұл элементтердің оянуы бесінші элемент – Наурыздың келуіне, Жердің қайта тірілуіне әкеледі.



САТИРИКТИҢ СЕРІГІ

Сағат сайын, күн сайын,
Өзінді жаным сағандым.
Өзімнен алыс жүрсең де,
Жан сәулем саған табындым...

Жастық шақтың жүрек түкпірінен туған осы жыр жолдары – сатирик, журналист Тұрлыхан Кәрімнің нәзік сезімінен сыр шертетін бір үзік сыр. Бұл өлең жолдары кейін оның өмірлік серігі болған Гүлнәр Ақойқызының тағдырымен де үндесіп жатқандай. «Жақсының жары» айдарының кезекті кейіпкері – ұзақ жыл ұстаздық еткен, белгілі қаламгердің жары Гүлнәр КӘРІМОВА.

Сарби ӘЙТЕНОВА

Ол балалық шағы өткен ауыл өмірін, ұстаздық жолын және өнер адамының жары болудың қызығы мен қиындығын еске алады.

– Бұрынғы Андреев (қазіргі Алакөл) ауданына қарасты Көлбай ауылында 1958 жылдың жазында өмірге келдім. Қарапайым малышының отбасындағы тоғыз баланың тұңғышымын, – деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз.

– Әкем – Ақой Абылов, шешем – Зылия Өскенбаева. Көпбалалы отбасынан әрі үйдің үлкені болғандықтан ата-анамызға қолғабыс жасап жүріп есейдік. Өздері оқымаса да балаларының жоғары білім алуына жол ашты. Ата-анам өте жуас жандар еді. Малдың соңында жүрсе де әкемнің етігінің қонышынан қисса мен дастандар жазылған шағын кітап түспейтін. Зеректігі сондай – дастандарды жатқа айтатын.

Атамыз Абыл соғысқа кеткен кезде әжемсіз Қайша қара жұмыс істей жүріп балаларына кітап оқытып, әріпті өзі танытқан екен. Содан шығар, әкемнің жазуы маржандай болатын. Атамыз соғыстан оралғаннан кейін әкем қолғабыс жасап, артындағы іні-қарындасстарын оқытуға көмектесіпті. Әкем өмірден ертеуек, ал анам өткен жылы тоқсанға таяған шағында дүниеден озды. Ол кісі мені жиырма жасында дүниеге әкелген.

Балалық шағым өте жақсы өтті. Спортқа бейім болдым. Бойым 1,80 болғандықтан волейболды жақсы ойнадым, талай жарысқа қатыстым. Көлбай ауылындағы Комсомол орта мектебінің мұғалімдері өте білімді, талапшыл еді. Мектепте әдебиет пен география пәндерін сүйіп оқыдым. Біздің кезде мұғалімдер көбіне ер адамдар болатын. Орта мектепті бітірген талай түлек жоғары оқу орындарына түсіп, мықты азаматқа айналды.

Бала кезімнен мұғалім болсам деп армандадым. Сол кезде ауылдағы әр үй соғым басын беретін. Баламыз гой, ата-анамызға көмектесіп, үлкендердің қолына су құятынбыз. Сонда олар ризашылықпен: «Мұғалім бол!» деп ақ батасын беретін. Өйткені мұғалім болу – кез келген адамның қолы жете бермейтін мәртебелі мамандық еді. Әр бала мұғалім болуды армандайтын.

Мектепті бітірген соң Панфилов ауданының Жаркент қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түстім. Аталмыш оқу орнын тамамдағаннан кейін ауылға оралып, балабақшаға тәрбиеші болып жұмысқа орналастым.



Содан жақсы жегітті жібепіп алмайын деп ағана тұрмысқа шықтым, – деп ағынан жарылды кейіпкеріміз.

Айтуынша, Тұрлыхан аға Семейдің тумасы. – 1965-1966 жылдары біздің ауылға көшіп келген. Мектепті Көлбай ауылынан бітірді. Менен екі жыл бұрын аяқтап, Алматыдағы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсті. Оның отбасында екі бала ғана. Әнкесі біздің ауылға тұрмысқа шыққан. Содан ата-анасы қыздарына жақын болайық деп Көлбайға қоныс аударған екен. Ауылда өз үйлерін тұрғызып, біздің көршіміз болды.

1976 жылы 19 жасында Тұрлыханға тұрмысқа шықтым. Ол журналистика факультетінің сырттай бөлімінде оқып жүрді. Сол жылы Бөрлітөбе деген жаңа аудан құрылып, ағаң Лепсіге жолдамамен жұмысқа жіберілді. Жаңа отау құрған бізге жас маман ретінде баспана берілді. Тұрлыхан аудандық «Балқаш өңірі» газетінде тілшіліктен бастап, орынбасарлық қызметке дейін өсті. Тоғыз жыл Лепсіде тұрдық.

Сол кездері облыстық «Октябрь туы» газетінің бас редакторы болған Тұрсын Әбдуәлі Тұрлыханның жазуын бағалап, жұмысқа шақырды. Сөйтіп 1985 жылы Талдықорғанға қоныс аудардық. 1992 жылға дейін осы басылымда еңбек етті. Дәл сол жылы қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Аманғазы Шегіров ағамыз қалада газет ашу керек деген ұсыныс айтып, бірнеше кандидаттың ішінен Тұрлыхан бас редактор болып тағайындалды. Осылайша 1992 жылдың 2 наурызында қалалық газеттің алашқы саны жарық көрді.

Газетті нөлден бастап құру оңай емес. Дегенмен мықты кадрлардың ұжымдық жұмысының арқасында газет тиражы өсіп, қала халқының айнасына айналды, – дейді Гүлнәр Кәрімова.

Екеуі Алла берген төрт баланы тәрбиелеп өсірді. Ұл мен келіні – Дәурен мен Ләззат, қыздары мен күйеубалалары: Назым – Тимур, Меруерт – Куаныш, Айым – Диаскали. Олардан тараған немерелері де бар.

– Біз үйленбей тұрып Тұрлыханның әкесі өмірден озды, – деп жалғайды әңгімесін Гүлнәр Ақойқызы. – Сондықтан ол кісі жайлы көп айта алмаймын. Енем Зияда Мұхамедиева өте жақсы адам болды. Жалғыз баласы болғандықтан бірге тұрдық. Мен жас едім, көп нәрсені біле бермеймін. Үйдің біраз тірлігін сол кісі жасайтын. Екеуіміз де жұмыстамыз. Екі баламызды бағып, тамағымызды жасап, бәрін реттеп қоятын. Демалыс күндері балаларды апамызға қалдырып, өзіміз киноға кетіп қалатынбыз. Сонда енем: «Осы сендердің киноларың таусылмайтын болды гой» деп әзілдейтін. Ал оған Тұрлыхан: «Ана, немереңді көрсем деп армандайтын едің гой. Енді, міне, қарап отыр», – дейтін жымыяп.

1985 жылы апамыз 69 жасында дүниеден өтті. Енемізді жер қойнына тапсырып, жылынан бергеннен кейін Талдықорғанға қоныс аудардық.

Лепсідегі №54 теміржол мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек жолымды бастап, кейін Талдықорғанға келген соң Б. Жолбарысұлы атындағы №18 мектепке орналастым. Бұл білім ордасы 1989 жылы оқу жылы басталуға жеті күн қалғанда 300 оқушы, 30 мұғалімнен қазақ мектебі болып ашылған еді. Мектеп директоры болып Саин Омарбаев тағайындалды. Бір жылдай жер үйде орналас-

Гүлнәр Ақойқызының айтқан әңгімесінен өткен жылдардың жылы лебі сезілді. Бүгінде сол күндердің бәрі жүреkte сақталған тәтті естелікке айналғанымен жақсының жары болған жылдардың мәні мен мағынасы уақыт өткен сайын тереңдей түсетіні анық.

Талдықорған қаласы

қан мектепте жұмыс істеп, кейін жаңа мектеп ғимараты салынды.

1991 жылы қалада тағы бір қазақ мектебі – М. Жұмабаев атындағы білім ошағы ашылды. Сол жылдары үшінші шағынауданнан үй алып, жаңа пәтерге қоныстандық. Сөйтіп жаңа ашылған мектепке ауыстым. Мұнда отыз жылға жуық бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек еттім. «Білімнің кілті бастауышта», өмірдің 45 жылын ұстаздық жолға арнап-пын, – дейді ол.

45 жылда талай балаға қалам ұстатып, әріп танытқан Гүлнәр Ақойқызы сол бір күндердің тәтті естеліктерін де айтып өтті.

– Сыныбымда Ержан деген бала болды. Сабаққа келген күннен оның қаламды сол қолымен ұстайтынын байқадым. Жазуды сол қолымен жазса бастағанда «Ержан» деп ақырын ескерттіп қоямын. Ол бірден қаламды оң қолымен ұстайтын. Ақыры үйренді. Кейін сол балам мені көрген сайын: «Апай, сіз болмағанда мен жазуды сол қолыммен жазса беретін едім гой», – деп айтып жүретін.

Гүлнәр Ақойқызы зейнеткерлік жаста болса да қоғамдық жұмыстан қол үзбеген. Қалалық ардагерлер кеңесінде әдістеме бөлімінің меңгерушісі. 2019 жылдан бері «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты бағдарламамен жұмыс істеп келеді.

– Өмірде салмақты адаммын. Анам да, енем де сондай жандар болды. Жалпы анам ұқсаймын. Оның ұқыптылығы бойыма сіңген. Үйдегі әр балаға жеке жинақ кітапшасын ашып, ақша жинайтын. Мектеп бітіргенде жиналған мың сомды қолымызға беретін. Бұл біз үшін үлкен ақша еді.

Оқуға түскен жылы жатақханада тұрдым. Бірақ екі ай ғана шыдадым. Себебі түн ішінде жертендеп айқайлаған дауыстар естілетін. Естуімізше, бұрын бұл жерде зындан болған екен. Содан Света, Қатина деген қыздармен бірігіп, үйге барып үйін жалдап тұрдық, – деп ақтарылды кейіпкеріміз.

Өмір жолын ұстаздықпен ұштаған Гүлнәр Кәрімова кейін І. Жансүгіров атындағы институттың «Бастауыш сынып әдістемесі» бөлімін сырттай бітірген.

– Ағаңмен бірге 46 жыл ғұмыр кештік. Тұрлыхан өте білімді, ішкілік іштейтін, темекі шекпейтін азамат болды. Сөзі өткір, мінезі өктем еді. Бірақ сатириктің жары болу оңай емес, – деп күлді Гүлнәр апай. – Отырсаң опақ, тұрсаң сопақ боласың. Кейде әзілдеп: «Сатириктің әйелі боламын деп басымдағы шашым қалмады» деп айтып қоямын.

Бірі қаламгер, бірі ұстаз болған соң олардың шаңырағынан қонақ та үзілмейтін.

– Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұр-жекеұлы, Жәркен Бөдешов, Тоқтасын Сүгірбеков, Ахмет Кендірбек, Әміре Әрін сынды азаматтармен етене араластық.

Бір жолы бір ақын Тоқтасын ағамыз жайлы әзілдеп: «Қиярдың бөшкеcіндей жуан ақын», – дегенін естігенде «Тоқтасын деген ақын қандай екен?» деп ойлаған едім. Кейін ағамыз үйімізге келгенде оған байқап қарап отырғанымыз есімде.

Ауылда жүргенде атақты ақын-жазушылар керемет үйлерде тұратын шығар деп ойлайтынмын. Кейін олардың бәрі қарапайым, жүректерін дүниеге емес, сөзге, өлеңге байлаған жандар екенін түсіндім. Бүгінде сол күндер өткеннің тәтті естелігіне айналды гой, – дейді жақсының жары.

Тілекпен көңіл жібимін күн

Эльмира ФАЙЗУЛИНА,
«Туған тел» татар мәдени орталығының төрағасы:

– Наурыз – түркі халықтарының ұлы мерекесі. Мейрам қарсаңында көктемнің тұмса табиғатымен жарыса татар халқы үй-іштерін жаңалап, аулаларын тазартып, қыз-жігіттер әдемі киініп, таңсаріден көрші-қолаң жиылып мәре-сәре болып жатады.

Бұл күні кәрі-жасы көшеге әдемі киініп шығып, бір-бірінің үйіне барып, ақжарма тілектерін айтады. Жас балалар Ұлыстың ұлы күні жылы лебіз білдіріп, жақын маңдағы үйлерді аралайды. Бұған жауап ретінде ересектер балаларға арнайы даярлаған тәттілерін ұсынады.

Ұлттық тағам мен ойындарды да ұмыт қалдырмаймыз. Татар халқы дастарқандарын чак-чак, коштеле, күлше, куллама (қазақтың асына ұқсас), тукмач, пәрәмач, губадия секілді ұлттық тағаммен толтырады. Арнайы бөлінген алаңдарда ән салып, би билеп, бәйге, шелекпен жүгіру, таяқ тартысы секілді татардың ұлттық ойындары ойналады.

Татулықты ту еткен, береке-бірлікті жыр еткен Ұлыстың ұлы күнінің өзге мерекелерден айырмашылығы – елімізді кешірімді болуға баулиды. Үлкен мен кіші арасындағы сыйластықты орнатып, қателікке кешіріммен қарауды, даналық пен ұлағаттылықтың үлгісін көрсетуді, салт-дәстүр мен әдет ғұрыпты сақтай білген күн баршаңызды шаттыққа бөлесін.



МЕДИЦИНА



АУЫЛ АМАНДЫҒЫ – МЕЙІРГЕР ҚОЛЫНДА

Ауылды қазақтың алтын бесігі десек, сол бесіктің тербелісі тыныш, тіршілігі берекелі болуы үшін, ең алдымен, халықтың денсаулығы мықты болуы шарт. Ал ауылдық жерде амандықтың күзетінде тұрған жан – мейіргер. Олардың біліктілігін арттыру, әлеуметтік жағдайын жақсарту, еңбегін лайықты бағалау қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Қала мен ауыл арасындағы медициналық қызметтің айырмашылығы айқын. Қалада мамандандырылған дәрігерлер мен заманауи құрылғылар жеткілікті болса, ауылдық жерде мүмкіндіктер шектеулі. Осындай жағдайда мейіргердің жауапкершілігі еселене түседі. Ол шұғыл жағдайда шешім қабылдайтын халық пен медицина арасындағы алтын көпір.

Ең алдымен, мейіргер ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмекті көрсетеді. Күнделікті қабылдау жүргізіп, наукастын жағдайын бағалайды, қан қысымын, дене қызуын, жүрек соғысын тексереді. Дәрігердің нұсқауын орындап қана қоймай, кей жағдайда шұғыл көмек көрсету де оның міндетіне жүктеледі. Әсіресе шалғай ауылдардағы фельдшерлік-акушерлік пункттерде мейіргер негізгі әрі жалғыз медициналық маман болуы да мүмкін. Бұл оның кәсіби біліктілігімен қатар батылдығы мен шапшаңдығын талап етеді.

Мейіргердің басты миссиясы аурудың алдын алу, вакцинация жұмыстарын жүргізу, скринингтік тексерулерді ұйымдастыру, жұпалы аурулардың таралуына тосқауыл қою. Осының бәрі ауыл мейіргерінің күнделікті жұмысы. Ол әр тұрғынға салауатты өмір салтының маңызын түсіндіріп, дұрыс тамақтану мен дене белсенділігін насихаттайды. Себебі, ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алған әлдеқайда тиімді болмақ.

Ана мен бала денсаулығын қорғау оның қызметінің жүрек тұсы іспетті. Жүкті әйелдерді есепке алып, олардың жағдайын тұрақты бақылау, патронаждық қызмет жүргізу, жаңа туған нәрестенің өсіп-дамуын қадағалау – үлкен жауапкершілікті талап ететін іс. Жас аналарға бағыт-бағдар беріп, бала күтімі жөнінде кеңес айту арқылы мейіргер ұрпақ саулығына үлес қосады. Бұл жұмыстар елдегі ана мен бала өлімінің азаюына тікелей ықпал етеді.

Бүгінгі таңда созылмалы аурулардың көбеюі де мейіргер еңбегін күрделендіре түсті. Қант диабеті, артериялық гипертензия, жүрек-қан тамыр ауруларымен ауыратын науқастарды тұрақты бақылауда ұстап, олардың дәріні уақытылы қабылдауын қадағалау үздіксіз назарды қажет етеді. Бұл тек медициналық бақылау емес, науқаспен сенімді байланыс орнату, оған психологиялық қолдау көрсету деген сөз.

Саулықтың шырағын сөндірмей ұстап тұрған жандар – ауыл мейіргерлерінің де еңбегі еленбей, тасада қалмауы керек.

Қырмыс НҮРГАЛИ,
жетекшісі: Жұлдыз САҒЫНДЫҚОВА,
Талдықорған жоғары медициналық колледжі

ТУҒАН ӨЛКЕ

ШАБЫПТЫҢ МӘҢГІЛІК МЕКЕНІ

Жер жаннаты атанған Жетісу өңірінің тұрғынымын. Туған ауылым – атырабы көркем, тарихы терең Қапал. Бұл өлке мен үшін шабыттың, рухани байлықтың қайнар көзі. Кең дала мен асқар таулар, сан алуан өсімдіктер мен жануарлар әлемі – менің балалық шағымнан бастап жандүниемді баурап алған табиғаттың баға жетпес сыйы.

Табиғаттың сұлулығын танымыдық жорықтар барысында көзбен көріп, жүректен сезініп өстім. Төрт мезгілде ұйымдастырылатын сапарларда табиғаттың әр қырын таныдым. Қыстың кіршіксіз тазалығы, аппақ қар жамылған тау мен дала жанды тыныштыққа бөлесе, көктем, жаз, күз мезгілдері алуан түрлі қанық түстерімен, тіршіліктің қайнаған күйімен ерекше әсер қалдырды.

Әр мезгіл – өзінше бір ғажайып, өзінше бір сыр. Ұстазымның жан-жануар, тау мен тас, тіршілік иелерінің өзара байланысы жайлы әсерлі әңгімелері мені табиғат әлемінің тұтастығын терең түсінуге жетеледі. Жер бетінде артық нәрсе жоқ, бәрі бір-бірімен үйлесім тапқан. Осы үндестік менің жандүниемді шабыттандырды. Кең даладан күш аламын, табиғатпен тілдескендей күйі кешемін.

Ерқанат НҮРБОЛАТ,
Ғали Орманов атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы

Қапал ауылы,
Ақсу ауданы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«CR Gold» ЖШС «Жетісу облысының Ақсу ауданындағы Тұрсын-Төре алтын кен орнын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал өсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 13.05.2026 жылы сағат 11:00-де мына мекен-жай бойынша өтеді: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Суықсай а., Ш.Омаров кшесі, 18 (әкімдік ғимараты).

Бастамашы: «CR Gold» ЖШС, БСН 231040011193, заңды мекен-жайы: 070000, ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тоқтаров к., 51, тел. +7 705 449 9884, email: office.zincor@gmail.com

Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating Ltd.» ЖК, БСН 200140900031, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел. +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz. Өсер ету аймағы – Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Суықсай а. Өсер ету координаттары: 45°08'5.58" С.Е., 79°27'5.46" Ш.Б. Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> танысуға болады.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02

Ескертулер мен ұсыныстар – prigoda@zhetysu.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша және Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/8sYc9xRA>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «CR Gold» проводит общественные слушания в форме открытых собрания по «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче золоторудного месторождения Турсун-Торе в Аксуском районе области Жетысу».

Слушания состоятся 13.05.2026 г. в 11:00 по адресу область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с. Суықсай, ул. Ш.Омарова, 18 (здание акимата).

Инициатор: ТОО «CR Gold», БИН 231040011193, юридический адрес: 070000, РК, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Тохтарова, 51, тел. +7 705 449 9884, email: office.zincor@gmail.com

Разработчик проекта – ЧК «Minerals Operating Ltd.», г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, БИН 200140900031, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Территория воздействия – область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с. Суықсай. Координаты воздействия: 45°08'5.58" С.Ш., 79°27'5.46" В.Д.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz> и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу» <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу – prigoda@zhetysu.gov.kz и на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/8sYc9xRA>.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«CR Gold» ЖШС «Жетісу облысы Ақсу ауданындағы Тұрсын-Төре алтын кен орнын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына кешенді экологиялық рұқсат алу үшін құжаттама» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 13.05.2026 жылы сағат 15:00-де мына мекен-жай бойынша өтеді: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Суықсай а., Ш.Омаров кшесі, 18 (әкімдік ғимараты).

Бастамашы: «CR Gold» ЖШС, БСН 231040011193, заңды мекен-жайы: 070000, ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тоқтаров к., 51, тел. +7 705 449 9884, email: office.zincor@gmail.com

Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating Ltd.» ЖК, БСН 200140900031, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел. +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz. Өсер ету аймағы – Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Суықсай а. Өсер ету координаттары: 45°08'5.58" С.Е., 79°27'5.46" Ш.Б.

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> танысуға болады.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02

Ескертулер мен ұсыныстар – prigoda@zhetysu.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша және Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/8sYc9xRA>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «CR Gold» проводит общественные слушания в форме открытых собрания по «Документация для получения комплексного экологического разрешения к Плану горных работ по добыче золоторудного месторождения Турсун-Торе в Аксуском районе области Жетысу».

Слушания состоятся 13.05.2026 г. в 15:00 по адресу область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с. Суықсай, ул. Ш.Омарова, 18 (здание акимата).

Инициатор: ТОО «CR Gold», БИН 231040011193, юридический адрес: 070000, РК, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Тохтарова, 51, тел. +7 705 449 9884, email: office.zincor@gmail.com

Разработчик проекта – ЧК «Minerals Operating Ltd.», г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, БИН 200140900031, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Территория воздействия – область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с. Суықсай. Координаты воздействия: 45°08'5.58" С.Ш., 79°27'5.46" В.Д.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz> и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу» <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу – prigoda@zhetysu.gov.kz и на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/8sYc9xRA>.

● Газетіміздің келесі саны сенбі, 28 наурыз күні шығады ●

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшының міндетін атқарушы:
Марал ДАУТАЛИНОВА

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № КЗ44ҰР00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09. Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Медет ЖҰМАБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 308
«Жетісу Медиа» МКК басылмаларының жалпы таралымы — 6908, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4938. Индексі — 65469.



Ұлыстың ұлы күні

ұлттықталды

Көктемнің шуағын ала келген Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы Талдықорған қаласындағы Еркін ауылында кең көлемде аталып өтті. Табиғат түлеп, тіршілік жаңарған бұл мереке ауыл тұрғындарын бірлік пен берекеге ұйыстырған ерекше күнге айналды.

Мерекелік шараға арнайы қатысқан, қала әкімі Ернат Бәзіл ауыл жұртшылығын аз Наурызбен құттықтап:

– Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, бірлік пен берекенің мейрамы. Бұл күні адамдар бір-біріне ізгі тілектерін арнап, татулық пен достықты нығайта түседі. Осындай мерекелер арқылы біз ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, жас ұрпаққа өнеге көрсетеміз. Баршаңызға амандық, әр шаңыраққа құт-береке тілеймін, – деді.

Шара барысында ауылдың намысын республикалық және облыстық деңгейде қорғап жүрген спорт шеберлері марапатталып, олардың еңбегі көпшілік алдында жоғары бағаланды. Сондай-ақ, тойдың сәнін келтірген ұлттық спорт түрлері де назардан тыс

қалған жоқ. Атап айтқанда, қазақ күресі, арқан тарту, асық ату сынды дәстүрлі ойындар ұйымдастырылып, ауыл жастары мен ересектері белсенділік танытты. Әсіресе, балуандар белдесуі көрермендердің қызығушылығын арттырып, нағыз тартысты додаға ұласты.

Мереке аясында ұлттық дәстүр де кеңінен көрініс тапты. Қала әкімі Ернат Дүйсенбекұлы тәй-тәй басқан сәбидің тұсауын кесіп, оның өмір жолының ашық әрі сәтті болуына ақжарма тілегін білдірді. Бұл рәсім көпшіліктің көңілін толқытып, ұлттық салттың мән-маңызын тағы бір мәрте айшықтады.

Қаз-қатар тізіліп тігілген ақ шаңқан қазақ үйлері мерекелік алаңның сәнін асырды. Әсем безендірілген киіз үйлердің әрқайсысы ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен көмкеріліп, ата-бабамыздан жеткен салт-дәстүрдің көрінісін паш етті. Ауыл тұрғындары мен қонақтар үшін бұл үйлер тек бас қосатын орын ғана емес, халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің жарқын бейнесін танытатын рухани кеңістікке айналды.

Киіз үйлерде ақ дастарқан жайылып, келген қонақтарға наурызкөже ұсынылды. Бұл – береке мен молшылықтың белгісі саналатын ұлттық тағам, мерекенің

ажырамас бөлігі ретінде көпшіліктің көңілінен шықты.

Мерекеді ауыл ақсақалдары да өз ақ тілектерін білдірді. Еркін ауылының ақсақалы Арыстанбек Бибатырұлы жиналған жұртты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап:

– Наурыз – ата-бабамыздан келе жатқан берекелі мейрам. Осындай игі шаралар арқылы біз ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, кейінгі ұрпаққа үлгі көрсетеміз. Ауылымыз аман, жұртымыз тыныш болсын, әр шаңыраққа құт-береке дарысын, – деді.

Ән мен күй әуелеп, ұлттық нақыштағы өнер көрсетілімдері ұйымдастырылған бұл күн шын мәнінде халықтың рухын көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ауыл тұрғындары бір-біріне ақжарма тілектерін арнап, ортақ қуанышқа бөленді.

Осындай игі мерекелік шаралар Талдықорған қаласына қарасты Көктал, Өтенай ауылдарында да кең көлемде, думанды түрде өтті. Сондай-ақ, Достық үйі алаңында асық атудан жарыс ұйымдастырылып, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтың арта түскені байқалды.

Қ. ОМАРАҚЫН

ДӘСТҮРДІ ЖАНҒЫРТҚАН ШЕБЕР

Қажет АНДАС

Ағаш шеберлігі – халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, ұлттың болмысын айқындайтын асыл өнердің бірі. Сол өнерді бүгінгі күнмен сабақтастырып жүрген жандардың еңбегі айрықша құрметке лайық. Солардың бірі – Ескелді ауданына қарасты Абай ауылында тұратын ағаш шебер Нұртілеу Рауя.

2013 жылы Қытайдан атамекенге қоныс аударған жас жігіт алғашында Алматыда танысының үйін паналайды. Арманы – журналист болу еді. Алайда тағдыр жолы оны басқа арнаға бұрды. Оқуға бір күн кешігіп қалып, өмірлік жоспары өзгеріп шыға келді. Сөйтіп құрылыс саласына кіріп, еңбекке ерте араласады. Дәл осы кезеңде ағашпен етене жақын танысып, оның сырын ұғына бастайды. Көп адам үшін жай ғана құрылыс материалы саналатын тактай Нұртілеу үшін мүлде бөлек әлем еді. Оның жанарында әр ағаштың бойында болашақ бір бұйымның бейнесі, бір өнердің табы жататын.

Оның өміріндегі ең маңызды белестердің бірі белгілі шебер Тілеш Намазбековпен жүздесуі. Өнер иесі Нұртілеудің бойынан еңбекқорлық пен табиғи қабілетті бірден аңғарып, алғашқы шакірті етеді. Осы тұстан бастап Нұртілеудің ұлттық колонерге бет бұрған жолы айқындала түседі. Домбыра мен қобыз секілді киелі мұралардың жасалу технологиясын үйрену, ағаштың мінезін тану, оны өңдеудің нәзік қырларын меңгеру – жас шебердің кәсіби қалыптасуына үлкен мектеп болды.

Алғашында танысымен бірге жиһаз жасап жүргенде, көңіл түңкіріндегі ұлттық бұйымдарға деген ықылас бір сәт те бәсеңдеген жоқ. Бір күні құрылыс үстінде жерге құлаған қарапайым тактай оның ойына астаудың тішінін әкеледі. Сол сәттен бастап қазақтың ет тартатын, ас ұсынатын қасиетті ағаш ыдысы – астауға деген қызығушылығы шынайы іске ұласады. Алғашқы жасаған астауы бірден өтіп, шеберді жаңа бағытқа жетелеп әкетеді.

Содан бері Нұртілеу ұлттық ыдыс-аяқ түрлерін – астау, тостаған, қымыз құятын шара, пиала секілді бұйымдарды жасап, қазақы тұрмыстың мәнін қайта жаңғыртып келеді. Оның бұйымдарында тек қол икемі ғана емес, ұлттық дүниетаным да көрінеді.

Бүгінде Нұртілеу Рауя өз кәсібін толық жолға қойған шебер. Оның шеберханасында заманауи станок бар, өндіріс жүйесі қалыптасқан, дайын өнімдері өміздің түркі-түркіпіне тарайды. Ол қарағаш, қайың, жаңғақ секілді ағаш түрлерінен ұлттық ыдыс-аяқ, баспалдақ бөлшектері, интерьер

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ағаштан түйін тәу өнері ежелден ерекше орын алған. Көшпелі өмір салтына бейімделген халқымыз ағашты тек құрылыс материалы немесе тұрмыстық қажетке жарайтын шикізат деп қана қарамаған. Оны табиғаттың тылсым сыйы, күнделікті өмірдің берекесін арттыратын қасиетті дүние ретінде таныған. Сан ғасыр бойы қазақ шеберлері ағаштан бесік, адалбақан, кебеже, асадал, ер-тұрман, ыдыс-аяқ жасап қана қоймай, оған ұлттың талғамын, танымын, рухани болмысын сіңіре білді. Домбыра мен қобыздың үнінде, астау мен тостағанның бедерінде, қарапайым бұйымның өзінде қазақы дүниетаным мен шебер қолтаңба қатар өріліп жатты.



ерге арналған сәндік және тұрмыстық бұйымдар жасайды.

Нұртілеудің тағы бір ерекшелігі – үй жиһаздарын ұлттық нақышпен жасап шығаратындығы. Ол тек ыдыс-аяқ пен бұйымдар жасаумен шектелмей, заманауи үй интерьеріне қазақы өрнек пен дәстүрлі сәнді үйлестіре отырып, ерекше жиһаз түрлерін де дайындайды. Осы арқылы күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым жиһаздың өзін ұлттық рухпен байытып, үй ішіне қазақы жылылық пен болмыс дарытады. Ұлттық нақышты заманауи талғаммен ұштастыру – оның басты артықшылықтарының бірі. Аудан әкімдігінің қолдауымен апатты

ағаштарды өңдеуге алып, оны тиімді іске жаратуы да – табиғатқа ұқыптылық пен кәсіпке жауапкершіліктің көрінісі.

Ол ағаш шебері ғана емес, жанына өнер мен серілікті қатар серік еткен көпқырлы азамат. Ол спортқа

Нұртілеу Рауяның өмір жолы ұлттық мұраға деген құрмет, тынымсыз еңбек пен шынайы шеберліктің тоғысқан тағалымды үлгісі. Оның әрбір туындысында қазақ даласының иісі, ата-бабаның қолтаңбасы, ұлттық болмыстың бедері бар. Мейлі ол домбыра, мейлі қобыз, мейлі астау не тостаған болсын – бәрінен де шебердің ішкі жан дүниесі мен халқына деген ілтиматы сезіледі. Сондықтан оның еңбегі жай ғана кәсіп емес, мәдени мұраны тірілудің нақты көрінісі.

Абай ауылы, Ескелді ауданы